

Risale i Nur топтомасынан

# Рамазан туралы

Бедиуззаман Саид Нурси

## Рамазан туралы

(Бұл кітапшада Қасиетті Рамазан айының көптеген пайда-хикметтерінен тоғыз хикметі тоғыз тұжырым арқылы баяндалмақ)

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ هُدًى لِّلنَّاسِ وَ بَيِّنَاتٍ

مِنَ الْهُدَىٰ وَالْفُرْقَانِ

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен. Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел ретінде Құран түсірілді... (Құран, 2:185)

## БІРІНШІ ТҰЖЫРЫМ.

Рамазан айында ораза ұстау Ислам дінінің бір негізгі маңызды шарты.

Рамазан айында ораза ұстаудың көптеген хикмет-пайдалары бар. Жалпы ораза, бүкіл лем Алла Тағаланың міріне бағынышты екенін көрсетеді және ол, адамзаттың тұрмысы мен жеке өміріне, мінез-құлқына ықпалы мол, тәрбиелік мәнісі зор құлшылық. Ол пендені Жаратқан Иесіне шүкір еткізеді. Енді, оразаның осындай маңызы зор көптеген хикметтеріне тоқталар болсақ;

Бүкіл лем Алла Тағаланың құдірет қолында, оның міріне құлдық ұратынына қатысты көптеген хикметтерінің бірі:

Алла , Жер бетін нығметке толы дастарқан тәрізді жаратып, оған сан-алуан

## مِنْ حَيْثُ لَا يَحْتَسِبُ

жемістерді түрінде яғни санап тауыса алмайтындай берекелі рі таңғажайып түрде жаратып, өзінің толық үстемдігін, рақымы мол екенін ап-ашық түрде көрсетіп отыр. Алайда, адамдар бейқамдыққа салынып ртүрлі себептерді сылтау қылып ақиқатқа жете алмай, тіпті кейде Жаратқан Иесін ұмытып кетіп жатады. Ал, ораза кезінде мұсылмандар жаппай бейне бір скер сияқты, бүкіл лемнің иесі Алла тың қонақтарындай кешқұрым: "Қане, астан алып, ішіп-жеңдер!" деген мірін күтеді. Осылайша аса қамқор, шексіз мейірімді Алла қа ауқымды да терең мағыналы ж не т ртіпті түрде құлшылық қылып, тағзым етеді. Апырым-ай, осындай ұлы құлшылықтан, үстем абыройдан құр қалған адамдарды "адам" деуге лайық па?

## ЕКІНШІ ТҰЖЫРЫМ.

Жаратушының бергендеріне шүкір етуге қасиетті Рамазан айы қалай ықпал етеді? Енді соған келейік. М селен, "Бірінші Сөзде" айтылғанындай Патша Ағзамның арнайы асханасынан келінген тағамдардың өзіндік бағасы болады. Оларды тасымалдаушы қызметшілерге тиесілі ақысын беріп, ал келінген құнды нығметтерді дұрыс бағаламай, оны сыйлап отырған Патшаны танымау барып тұрған ақымақтық. Д л сол секілді Алла тағала жер жүзін адамзат үшін сан-алуан нығметтермен толтырып жайнатып қойған. Ол нығметтердің ақысына шүкір етуімізді сұрайды. Сыртқы себептер жай көзге лгі нығметтердің иелері болып көрінгенімен, олардың нағыз иесі - Алла тағала. Себептерге өзіндік баға беріп, қарыздар болып, алғыс жаудырып жатамыз. Алайда сый иесі Алла Тағала бізге берген

нығметтері үшін шүкіршілік туімізге лдеқайда лайық емес пе! Оған шүкір ету болса, нығметтерді тікелей Алла Тағаладан деп білу, берілген нығметтің қадірін білу ж не өзіміздің оған қатты мұқтаж екенінімізді сезіну.

Міне, осы жағынан алғанда Рамазан айындағы ораза шынайы да п к, өте м нді рі жалпы түрде шүкір еткізетін бірде-бір себеп. Өйткені, аштық көрмеген адамдардың басым көпшілігі кейде Ила и қыруар нығметтің қадірін біле бермейді. Бір жапырақ қатқан нан тоқ адамға, сіресе бай болса құнсыз көрінеді. Алайда, ауызашарда лгі қатқан нан мұсылман үшін Алла тың жарылқауы, қымбат нығметі екеніне оның тілі де ку лік етеді. Бай-патшадан бастап пақыр кедейге дейінгі халық Рамазан айында нығметтердің қадіріне жетіп, ой жүгіртіп, шүкіршілік етуге мүмкіндік туады. Сондай-ақ, күндіз ішіп-жеуге тыйым салынғандықтан "бұл

нығметтердің иесі мен емес, ішіп-жеу еркі де менің қолымда емес. Демек басқаның мүлкі, оның сыйлығы ғой, соның мірін күтіп отырмын" деп, нығметтің қадірін біліп, ойша шүкіршілік етеді. Сонымен, ораза ұстау көптеген қыр-сырларымен бірге адам баласының басты міндеті болып табылатын Құдайға шүкір еткізетін бірден-бір тиімді жол.

### **ҮШІНШІ ТҰЖЫРЫМ.**

Оразаның адамның қоғамдық өміріне қатысты көптеген хикметтерінің бір хикметі.

Адамдар әл-ауқаты жағынан әртүрлі болып келеді. Сондықтан Алла Тағала ауқаттыларға кедей-кепшіктерге көмек-тесуін бұйырады. Алайда, ауқаттылар кедейлердің қиын жағдайын оразадағы аштық арқылы ғана толық сезіне алады. Егер ораза болмаса аштық пен кедейліктің қаншалықты қиын ері ауыр екенін, кедейлердің мейірімге қаншалықты мұқтаж

екенін аңғармайтын небір н псіқұмар байлар пайда болар еді. Ораза, осы тұрғыдан алғанда адамдар арасында жетіспей жататын мейірімділік пен қайырымдылыққа күшті ұйытқы болары сөзсіз. Әр адам өзінен қандай да бір жағынан төмен, пақыр адамды тауып, оған жаны ашуы тиіс. Егер адам өмірінде бір рет аш болып көрмесе, қоғам болып өзара ж рдемдесу міндетін орындай алмас еді. Орындаса да толыққанды болмайды. Себебі, ондай ауыр жағдайды басынан өткермеген ғой.

### **ТӨРТІНШІ ТҰЖЫРЫМ.**

Рамазан айындағы оразаның н псіні т рбиелеуге қатысты көптеген хикметтерінің бір хикметі.

Н псі, ерік пен бостандықты қалап өзін би сезінеді. Тіпті, үстемдік жасап, өз бетінше жүріп-тұрғысы келеді. Бұл оның табиғатында бар. Сансыз нығметтердің арқасында шалқып

жүргенін қаперіне алғысы келмейді. Әсіресе, бұл дүниеде мал-мүлкі мен бақ-д улеті, оның үстіне немқұрайлы жан болса, Құдай берген нығметтерін ұрлап, тіпті тартып алғандай қомағайлана обығады. Ал, Рамазан айында байдың да кедейдің де несісі өзінің қожайын емес малай, ерікті емес құл екенін, бұйрық болмаса өте қарапайым істің өзін атқара алмайтынын, тіпті қолын суға да соза алмайтынын аңғарып, лгі ойша қияли үстемдік пен билік тас-талқан болады. Өзінің құл екендігін мойындап, өзінің негізгі міндеті болып табылатын шүкір етуге кіріседі.

### **БЕСІНШІ ТҰЖЫРЫМ.**

Рамазан айындағы ораза адамның мінез-құлқын жақсартатынына және бет-алды жүріс-тұрыстан сақтайтынына байланысты көптеген хикметтерінің бірі:

Ипсі мен бейқамдықтың кесірінен адам өзінің кім екенін ұмытып кетеді. Өзінің тым лсіз, өте пақыр екенін рі кемшіліктері бастан асатынын көре алмайды, көргісі де келмейді. Әрі қаншалықты бейшара, ф ни, өмірде түрлі қайғыға жиі душар болатынын, тез бұзылатын ет пен сүйектен тұратынын ойламайды. Болмысы болаттан жаратылып, м ңгі жасайтындай дүниеге ашкөздене құнығады. Дүниеге жан-т німен беріліп, байлық құып, рахатқа батқысы кеп, уақытша н рселерге алданады. Өзіне аса қамқор, жан-жақты қамтамасыз етіп отырған Жаратқан Иесін ұмытып кетеді. Өмірдің мақсатын, н тижесін рі ақыреттегі өмірін ойламай қызыққа яғни күн ға батады.

Ал, Рамазанның оразасы болса шектен шыққан бейқамдар мен аса т каппарларға өздерінің кім екенін яғни тым лсіз, өте бейшара рі пақыр

екендігін сездіреді. Ашыққан соң, көзі қарауытып, өзінің мұқтаждығын аңғарып, лсізтінің қаншалықты нзік екендігін ұғады. Өзінің мол мейірімге, қамқорлыққа аса мұқтаж екенін түсінеді. Нпсі перғауындық ойдан арылып, менмендікті тастап, лсізрі пақыр екенін мойындап, Алла тың алдында жалбарыну керектігін сезінеді. Ақылға келіп, шүкіршілік етеді. Егер рине, бейқамдықтан жүрегі қарайып кетпесе, Алла тың қайырымдылық пен мейірімділік атты есігін жалбарына қағады.

### **АЛТЫНШЫ ТҰЖЫРЫМ.**

Рамазан айы Қасиетті Құранның түсу кезеңдерінің ең маңыздысы болғандығына байланысты көптеген хикметтердің бір хикметі.

Құран Крім Рамазан айында түсе бастағаны рас. Олай болса мұсылман, сол бір көктен түскен Алла сөзін құрметтеп дайындық жасауы керек. Қасиетті Рамазан айында бір мезгіл болсын н

псінің қажеттіліктерінен және қарапайым күйбең тірліктен қол үзгені абзал. Сонда бейне бір ішіп-жеуді доғару арқылы періштедей күй кешеді. Құран Кірімді жаңа түсіп жатқандай құлшына оқып, ықыласпен тыңдайды. Алла тың сөздерін нақ түсіп жатқанда тыңдап отырғандай, тіпті сол қасиетті сөздерді Расулулла Мұхаммед Пайғамбардан (С.А.У.) немесе Хазіреті Жәбір йілден тыңдап отырғандай тіпті Мүтекеллим-і Әзіліден яғни Алла Тағаланың өзінен тыңдап отырғандай тәтті күй кешеді. Сондай-ақ, өзі аудармашы ретінде басқаларға тыңдатып, қолынан келгенінше Құранның түсу хикметтерін іс жүзінде көрсетуге тырысады.

Рамазан айында Ислам әлемі бейне бір зұлмат мешіттерімізді ғажәп күйге енеді. Мешіт болғанда қандай десеңізші! Миллиондаған қарилар сол мешіттің бұрыш-бұрышында Құран Кірімді яғни

Алла тың сөзін оқып жер жа анға жар салып жатады. Әрбір Рамазан айы:

شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ

аятын жарқын түрде көрсетіп, Рамазан Құран айы екенін паш етеді. Сол ұлы жамағаттың кейбіреуі лгі қариларды тебірене тыңдаса, кейбіреуі өз бетімен оқуда. Осындай керемет бейнедегі ұлы мешіттің ішінде жүріп азғын н псінің жетегінен шыға алмай ішіп-жеп, манағы сем де керемет күйден тысқары қалу қандай оғаш қылық десеңізші! Үзірсіз аузын бекітпеу сол мешіттегі жамағаттың рухани жиіркенішін туғызатын рекет емес пе? Қасиетті Рамазан айында ораза ұстамағандар да бүкіл Ислам лемінің рухани жиіркенішін туғызатын жағымсыз халде көрінеді.

## ЖЕТІНШІ ТҰЖЫРЫМ.

Рамазан айының оразасы, дүниеде ақырет үшін егін егіп, сауда жасауға, игі амал жасауға келген адамзаттың тапқан табысы мен өнімін молайтатына қатысты көптеген хикметтерінің бірі:

Рамазан айында бір сауап мың сауапқа тең. Хадиске сүйенер болсақ, Құран Кәрімнің бір рәтіпін оқығанда он сауап, он игілік және он түйір Жәннат жемісі бұйыратын болса ал, Қасиетті Рамазанда бір рәтіп үшін он емес мың, ал "Аят-ул Күрси" секілді аяттардың бір рәтіпне мыңдаған сауап жазылады. Рамазандағы жұма күндерінде одан да көп сауапқа қол жетеді. "Қадір" түнінде жасалған бір игілік отыз мың игілік жасағанмен пара-пар.

Иә, Рамазанда бір рәтіп отыз мың бақи жеміс беретін Қасиетті Құран, Жаннатта жайқалған нұрлы Туба ағашы тәрізді, мұминдерге өзінің

балдай тәтті миллиондаған бақи жемсі-ныңметтерін ұсынады.

Келіңіз! Сіз ақыретке тиімді сауда жасадыңыз ба! Бұл Құранның сөздерінің қадірін білмей жүрген жандар қаншалықты зиян шегіп ұтылып жүргенін ақылға салып пайымдаңыз.

Қасиетті Рамазан айын ақыреттік сауданың берекелі базары деуге болады немесе жемісін ақыретте беретін өте құнарлы жер. Сауапты амалдардың өсіп-өнуіне оңтайлы кезең яғни көктемнің сәуір айы секілді. Оны Құдіреті күшті Алла тағаланың алдында адамзаттың жасаған құлшылықтары сап түзеп жүріп өтетін мерекелік шеру, ғажайып мейрам десе болады. Сондықтан ол айда нәпсінің ішіп-жеу сияқты бейқам, жануарға тән қажеттіліктері мен мағынасыз, уесқойлық пен рселермен шұғылданып кетпеу керек. Сол үшін рамазанда ораза ұстау мұсылман баласына парыз болған.

Уақытша болса да хайуандықтан шығып, періштелік мәртебесіне көтеріліп немесе дүниелік шаруаларды қоя тұрып ақырет саудасына кіріскен тақуа кісі немесе денесі болғандықтан көрініс тапқан рух тәрізді болып, ұстаған оразасы арқылы белгілі бір мағынада Самедиетке айна яғни еш нәрсеге мұқтаж емес бір Аллаға айналық қызметін атқарады.

Қасиетті Рамазан айы мына баянсыз дүниенің қысқа өмірін баянды етіп, мәңгілік өмірге қол жеткізеді. Бір ғана Рамазан айы сексен жылдық өмірдің жемісін береді дейді. Құранда Қадір түнінің мың айдан да қайырлы екенін баяндайды. Бұл сыр жоғарыда айтылған мәселеге нақты дәлел болып мағынасын қуаттай түседі.

Мәселен, бір патша билігі тұсында жыл сайын өзінің алтын таққа отырған күнін атап өтеді немесе салтанатына жарасар кейбір күндерді

мереке деп жариялайды. Сол күні қол астындағы құрметке лайық сенімдідеадал халқын жалпыға ортақ заңның тысында өз атынан арнайы сый беріп, еркін түрде қабылдап, өзіндік ілтипат жасап ерекше құрметке бөлейді. Сол сияқты, бүкіл лемді билеп төстеуші, бастауы жоқ соңсыз Алла Тағала, бүкіл лемге мейірім шапағатын төккен, өзінің ұлы мірі болып табылатын Қасиетті Құранды берекелі Рамазан айында түсіре бастаған. Рамазан - ерекше мейрам. Рамазанның Раббани көрме, рухани м жіліс болып саналуы өте хикметті-ақ. Ендеше Рамазан айы ұлы мейрам екен, олай болса пенделер кейбір қарапайым және хайуанға тиіс тірліктерден аулақ болуы үшін ораза ұстау парыз болған. Ораза толыққанды, кемел болуы үшін тек асқазанға ғана емес, көз, құлақ, жүрек, қиял, тіл, ақыл секілді сезім мүшелеріне де өзіне тиіс ораза

тұтқызу керек. Оларды р түрлі күн істерден және пайдасыз н рселерден аулақ ұстап, рқайсысын Алла жолына жұмсаған абзал.

Мысалға, тілді өтірік пен өсек-аяңнан, бос сөздерден тиып оған да ораза ұстату. Оны Құран К рімді оқуға, Алла ты зікір етуге, Жаратқанды д ріптеп мадақ сөздерін айтуға, салауат пен истиғфар етуге жұмсау. Көзді харам н рселерден аулақ ұстау яғни шарифатта тыйым салынған н рселерге емес, ғибратқа, т лім алынатын н рселерге пайдалану керек. Құлақты жаман сөздерден аулақ ұстап, Хақ сөзі - Құранды тыңдауға қолдану. Міне осы сияқты қалған мүшелерге де өздеріне т н оразаларын тұтқызу. Онсыз да асқазан, ең ірі фабрика болғандықтан ораза арқылы оған үзіліс берілсе, қалған "кіші к сіпорындарды" бағындыру оңайға түседі.

## СЕГІЗІНШІ ТҰЖЫРЫМ.

Қасиетті Рамазанның жеке басқа, тұрмысқа қатысты көптеген пайдалары мен хикметтерінен бір хикметі:

Ораза ұстау адам денсаулығына аса қажет, ол заттық және рухани сақтандырушы. Сондай-ақ, медициналық тұрғыдан алғанда "диета" тәрізді. Расында нәрсі ішіп-жеу тұрғысында қалай болса солай рекет етіп, жегені адал ма, арам ба айырмай бір нәрсені аузына тыға берсе, бұл медицина тұрғысынан тек тәніне ғана емес рухани өміріне де қауіпті нәрсі зиянды. Ондай нәрсенің жүрек пен рухқа мойынсұнуы қиынға соғады. Тәкаппарлығы артып, тізгінді қолына алады. Сосын адам нәрсіге мінудің орнына нәрсі оған мініп алады.

Ал, Қасиетті Рамазанда ораза тұту арқылы диета ұстап, сабыр сақтап, өзін-өзі тежеуге, қанағат етуге үйренеді. Сөйтіп адам

Жаратқанның мірін тыңдайтын болады. Бейшара асқазанның қорытуына мұрша бермей, үсті-үстіне ас ішуден пайда болатын түрлі аурулардан сақтанады. Әлгіндей Ил и мірге бағынудың н тижесінде адал н рсенің өзін жемей, аузын бекітеді. Енді харам н рселерден аулақ тұру, ақыл мен шариғаттың мірлерін тыңдау ол адамға оңай болады. Руханиятын байытып, ең азы жоғалтпай аман сақтап қалуға мүмкіндік туады.

Жалпы адамзат аштыққа жиі ұшырасады. Осындай жағдайларда шыдап, сабыр сақтауды үйреніп, өзін-өзі т рбиелеуі үшін аштыққа машығу өте керек-ақ. Міне, Рамазан айындағы ораза он бес сағат, с ресіз болса жиырма төрт сағат аш жүру, сабыр сақтау бұл дегенің төзімділік, шынығу, шыңдалу деген сөз. Демек, адамзаттың қайғы-қасіретін арттыратын

сабырсыздық пен шыдамсыздықтың бірден-бір емі, таптырмас шипасы - Ораза ұстау болмақ.

И , адамның асқазан дейтін фабрикасына көптеген ағза-мүшелер қызмет етеді. Көптеген сезімдер онымен тығыз байланысты. Егер, бір ай күндіз дем алдырмаса, онда н псі, манағы фабрикадағы сезім-қызметшілер мен ағзаларға үстемдік етіп, оларға өздеріне т н құлшылықтарын ұмыттырып оларды өзіне қаратып, дегенін істетеді. Адам бойындағы н зік сезім-мүшелер манағы фабрикадан шыққан күл-қоқыстан ластанып кірлейді. Н псі олардың назарларын тек өзіне аударып, жауапты рі маңызды міндеттерін уақытша ұмытқызады. Сондықтан, к міл жандар, улиелер даму үшін өзін-өзі т рбиелеуге, яғни аз ішіп, аз жеуге үйреткен.

Ал, Қасиетті Рамазанда ораза ұстаудың саясында лгі фабрикаға қызмет етіп жүрген

сезімдер тек сол үшін жаратылмағандарын аңғарады. Қасиетті Рамазанда басқа да ғзалар лгі фабриканың маңызы жоқ, бір с ттік л ззат алу жұмысын тастап, орнына періштеге т н, рухани рі мерзімі ұзақ рахатқа батып, назарын аса маңызды н рселерге аударады. Сондықтан да Рамазан айында мүминдер қабілетіне қарай рухани түрлі нұрларға, берекетке, қуаныш пен шаттыққа бөленіп, кемелдене түседі. Бұл қасиетті айда, оразаның арқасында жүрек, рух және ақыл секілді сезімдер дамып, кемелдене түседі деген сөз. Асқазанның шұрылдап жылағанына қарамай, олар м з-м йрам болып қуанышқа бөленеді.

### **ТОҒЫЗЫНШЫ ТҰЖЫРЫМ.**

Қасиетті Рамазан айының оразасы н псінің билеп төстеу ойынан бас тартқызып өзінің лсіздігін көрсетіп, құлдық міндетін еске салатын көптеген хикметтерінен бір хикметі:

Нәпсі Жаратушы Раббысын танығысы келмейді. Перғауын сықылды өзінше билеп төстеп үстемдік еткісі келеді. Қанша азап шексе де райынан қайтпайды. Алайда, аш қалған сәтте райынан тез қайтады. Міне, Қасиетті Рамазан айындағы ораза нәпсінің перғауындық жағына оңдырмай соққы беріп, сағын сындырады. Оған өзінің әлсіз, бейшара, пақыр екенін мойындатып, құл екенін есіне салады.

Киелі Хадисте: "Бірде Алла Тағала нәпсіге: "Мен кімін, сен кімсің?" деген екен. Нәпсі: "Мен менмін, сен сенсің" депті. Азаптап, тозаққа салған дейді. Қайтадан сұраса, тағы да: "Мен менмін, сен сенсің" яғни "Сен сенсің, мен менмін" деп, қанша азаптаса да көкірек керіп райынан қайтпапты. Содан әлсіз жерде оны аштықпен азаптапты, яғни аш қалдырған екен. Сөйтіп: "Мен менмін, сен сенсің" депті?"

{(1): Ескерту. Қолдарыңыздағы жазба, қырық минутта жылдам жазылғандықтан рі мен де, шимай д птерге жазып отырған хатшы да, науқастанып отырғандықтан, ішінде жаңылған жерлерім, қателер болуы мүмкін. Бауырларым кешіріммен қарап түзету қажет болған жерлеріне қалам жүгіртулеріне рұқсат. }

деп сұрағанда, н псі бейшара сабасына түсіп, былай деген екен:

أَنْتَ رَبِّي الرَّحِيمُ \* وَأَنَا عَبْدُكَ الْعَاجِزُ

{Яғни: "Сен менің рахымы мол Раббымсың, мен болсам сенің бейшара құлыңмынЪ1Ь".}

اللَّهُمَّ صَلِّ وَسَلِّمْ عَلَى سَيِّدِنَا مُحَمَّدٍ صَلَاةً تَكُونُ لَكَ رِضَاءً وَ

لِحَقِّهِ آدَاءً بَعْدَ ثَوَابِ قِرَاءَةِ حُرُوفِ الْقُرْآنِ فِي شَهْرِ

رَمَضَانَ وَعَلَى آلِهِ وَصَحْبِهِ وَسَلَّمَ

سُبْحَانَ رَبِّكَ رَبِّ الْعِزَّةِ عَمَّا يَصِفُونَ \* وَسَلَامٌ عَلَى

الْمُرْسَلِينَ \* وَالْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ \* آمِينَ

\* \* \*

Сіз бізге мына мекен-жай бойынша жете аласыз

[risale.info@gmail.com](mailto:risale.info@gmail.com)